

**А.Пушкин атындағы №20 мектеп –лицейі бойынша педагогикалық әдеп  
кенесінің №2 отырысы Хаттамасы**

Өткізілген күні: 27.11.2021 ж

Қатысқандары: мектеп ұжымы

**КҮН ТӘРТІБІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» туралы. / кеңес төрайымы: Ж.Сапарова
- 2.«Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»- семинар-тренинг.  
/мектеп психологы А.Жұмабай
3. Мұғалімдердің іскерлік киім үлгісіне қойылатын талаптар туралы./  
Мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Хамзина

**Тыңдалды:**

1 мәселе бойынша жиналысты кеңес төрайымы Ж.Сапарова ашып, жиналысқа қатысушы педагогтарды күн тәртібі бойынша қаралатын «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 ақпанда № 13038 болып тіркелген. Осы Педагогикалық әдеп қағидалары Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының, 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес әзірленді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей танылған адамгершілік қағидадары мен нормаларына негізделген.

**2. Педагогикалық әдептің негізгі қағидадары**

Педагогикалық әдептің негізгі қағидадары мыналар болып табылады:

- 1) адалдық;
- 2) әділдік;
- 3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу;
- 4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу;
- 5) кәсіби ынтымақтастық;
- 6) үздіксіз кәсіби даму.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп психологі А.Жұмабай «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» туралы тренинг өткізді. Мұғалім– ақыл кемістігін жоя отырып, жер бетінде бейбітшілік

орнауын камтамасыз етіп, өзін ұстай білуге үйретеді. Егер оқушы өзін нашар ұстаса, бір адамның мінезі азап, шегеді, егер мұғалім өзін нашар ұстаса, бұл көп оқушының мінезіне зиян келтіреді. Егер мұғалім өз ісіне беріліп, таза болса, онда мындаған оқушы жақсара түседі және еліміз білімді, кемел ұл-қыздарға ие болады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп директорының құқықтық тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Хамзина Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығының 3 тармағының 10 тармақшасына сәйкес мұғалімдер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгіде болуы туралы талаптар, осыған байланысты мектеп ережесінің талаптарымен таныстырып, арнайы, ыңғайлы түс пен классикалық үлгідегі киімді алдағы уақытта кию қажет екенін ескертті.

Бүгінгі жиналысқа ұсынылған мәселелер толық қаралды.


#### ҚАУЛЫ:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген «Педагогикалық әдеп қағидалары» нормаларының орындалуы басты назарға алынсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 қаңтардағы № 9 «Педагогикалық әдеп қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 3 тармағының 10 тармақшасына сәйкес мұғалімдер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгіде болуы туралы талаптар жөнінде жұмыстар жүргізілсін.

3. 2020-2021 оқу жылы мұғалімдер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезеңінде іскерлік киім үлгіде болуы қадағалансын.

Төраға:



Ж.Сапарова

Хатшы:

С.Кубайдолла